

**МАЗМҰНЫ:**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ.
3. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ
4. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ, ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН ҚОЛДАНЫСЫН ТОҚТАТУ.
5. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ.
6. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ.
7. ФРАНШИЗА.
8. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ.
9. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.
10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.
11. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ.
12. ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

**1 бап. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы № 435-ІІ «Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңына (бұдан әрі – Міндетті сақтандыру туралы заң) сәйкес әзірленген.
2. Осы Ереженің шарттарында «Евразия» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталады, жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – сақтандыру шарты) жасайды.
3. Осы ереже жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.
4. Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі - міндетті сақтандыру) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде зиян келтірілген үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғауды мақсат етеді.
5. Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
  - 1) жеке нотариус - нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыру құқығына арналған лицензия негізінде заңды тұлға құрмай нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыратын және аумақтық әділет органында есепке алу тіркеуінен өткен Қазақстан Республикасының азаматы;
  - 2) жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндеті;
  - 3) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
  - 4) сақтандыру жағдайы - басталуына байланысты сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін жағдай;
  - 5) сақтандыру омбудсманы – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
  - 6) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болатын ақша сомасы;



- 7) сақтандыру сыйлықақысы - сақтандырушының жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілік міндетті сақтандыру шартында енген мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жасауға міндеттеме қабылдағаны үшін оған сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 8) сақтандыру төлемі – сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 9) сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
- 10) сақтанушы - сақтандырушымен жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан жеке нотариус;
- 11) үшінші тұлға - жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тарапы болып табылмайтын, жеке нотариустың Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес оларды жүзеге асыру үшін жеке нотариус жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауға міндетті болатын нотариаттық іс-әрекеттер жасауға байланысты кәсіби міндеттерін орындауы кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілген тұлға;
- 12) франшиза - сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

## **2 бап. Сақтандыру объектісі**

1. Жеке нотариустың Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыруы үшін Жеке нотариустың жеке нотариустың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауға міндетті нотариаттық іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері (бұдан әрі — нотариаттық іс-әрекеттер) жеке нотариустың азаматтық — құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі - жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру) объектісі болып табылады.

## **3 бап. Сақтандыру тәуекелдері**

1. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты бойынша жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүддесіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.
2. Сақтандыру жағдайы соттың сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы шешімінің заңды күшіне енген не сақтанушының үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талаптарын негізделген деп таныған және сақтанушының талаптарды тануына байланысты сақтандырушы келісімін берген сәттен басталады деп есептеледі.

## **4 бап. Сақтандыру шартын жасау тәртібі, оның қолданылуы және қолданысын тоқтату**

1. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру жеке нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілуі мүмкін үшінші тұлғаның пайдасына сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.





2. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша түрде жүгіну арқылы не сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы жасалуы мүмкін. 3. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында моральдық зиянды, жіберіп алған пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, сақтанушы нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде үшінші тұлғаларға зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

4. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі бойынша талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленеді.

Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге тиіс талаптардың толық еместігі үшін сақтандырушы жауапкершілікті көтереді. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген шарттарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша түрде жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

5. Егер жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда ол сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал оны бөліп-бөліп төлеу кезінде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

6. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты ол күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

7. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

8. Егер жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

9. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мынадай жағдайларда қолданылуын тоқтатады:

1) шарттың қолданылу мерзімі өткенде;

2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;

3) жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының талаптарында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырғанда.

10. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың тәртібі және шарттары, сондай-ақ оның құқықтық салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленеді.

11. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының талаптары мен негіздемелерін жарамсыз деп тану, сондай-ақ оның құқықтық салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленеді.

**5 бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері**





**1. Егер сақтандыру жағдайы:**

- 1) үшінші тұлғалардың сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
- 2) үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылатын іс-әрекеттері;
- 3) сақтанушы Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңдарында белгіленген нотариустың функциялары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асырғанда;
- 4) сақтанушы нотариус қызметінің аумағына қатысты нотариат туралы заңдардың талаптарын бұза отырып жасаған нотариаттық іс-әрекеттері салдарынан болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

**2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар:**

- 1) сақтанушының шығын келтіруге кінәлі адамнан шығынға тиісінше өтемақы алуы;
- 2) осы ережелермен көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушы өзінің кәсіби міндеттерін орындаған кезде келтірген зиянды өтеу міндетіне байланысты үшінші тұлғаның шағым (шағым-талап өтінішін) ұсынуы туралы сақтандырушыға уақтылы ескертпеуі немесе хабарламауы;
- 3) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын тексеру және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеу кезінде сақтандырушыға кедергі жасауы негіз болуы мүмкін.

**3. Егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені дәлелденбесе немесе сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмайтын болса, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.**

**4. Егер сақтандыру жағдайы:**

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсері;
- 2) соғыс қимылдары;
- 3) азамат соғысы, алуан түрлі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер салдарынан басталса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

**5. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған жағдайда сақтандырушы осы Ережелердің 8-бөлімінің 2-тармағымен көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтінішті берген адамға бас тартудың дәлелді себебін көрсете отырып және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлай отырып, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті жазбаша шешімді жіберуге міндетті.**

**6. Сақтандырушының осы бапта көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.**

**6 бап. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысы**

**1. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның талаптарымен айқындалады және қызметін Республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жүзеге асыратын нотариустар үшін – 1000, өзге нотариустар үшін – Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына**





арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 500 еселенген мөлшерін құрауға тиіс.

2. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының шарттарында айқындалған сақтандыру сомасының 4,5 пайызынан аспайды.

3. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері тараптардың келісімімен белгіленеді.

4. Егер жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақытылы төлемегені үшін сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде басқаның ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

5. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

## **7 бап. Франшиза**

1. Әрбір сақтандыру жағдайы бойынша франшиза мөлшері жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының бес пайызын құрайды.

2. Келтірілген зиянның мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асып кеткен жағдайларда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

## **8 бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары**

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе үшінші тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы ұсынады.

Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші, сақтандырушының қолжетімділігі бар мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын сақтандырушыға ұсынуға міндетті.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) келтірілген зиян мен оның мөлшерін растайтын құжаттар қоса берілген зиянды өтеу туралы үшінші тұлғалардың талабы немесе сақтанушы нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде келтірген зиянды өтеу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі;

2) пайда алушының жеке басын куәландыратын куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

3) зиянды болдырмау және оның мөлшерін азайту бойынша шараларды қолдануға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдаған күнді көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті.

Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жіберген жағдайда сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда бере алады.

4. Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы үшінші тұлғалар талаптарының сомасына немесе осы ережелердің 4-бөлімі 2-тармағының ережелерін ескере отырып,





келтірілген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешіміне сүйене отырып айқындайды.

**5.** Сақтанушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, сақтандырушы өтеуге тиіс.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы үшін, егер шығыстар сақтанушының сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

**6.** Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқылы емес.

**7.** Жеке нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде зиян келтірген үшінші тұлға, ал үшінші тұлға қайтыс болған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда оның мұрагерлері (құқық мирасқорлары) пайда алушы болып табылады.

**8.** Келтірілген зиянды жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде үшінші тұлғаға (мұрагерлерге (құқық мирасқорларына) өтеген және сақтандырушыдан өз шығыстарын өтетуге құқық алған сақтанушы немесе өзге де тұлға да пайда алушы бола алады.

**9.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы бөлімнің 2-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей төлейді.

**10.** Сақтандыру төлемінің мөлшеріне жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе үшінші тұлғалар дау айтқан жағдайда, сақтандырушы сақтандыру төлемін осы бөлімнің 8.9-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-біреуі дауламайтын бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.

**11.** Сақтандырушы сақтандыру төлемінің дау туғызған бөлігін бітім келісіміне қол қойылған және оны сот бекіткен күннен бастап не егер сот шешімінде оның тез арада орындалуы айтылмаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

**8.12.** Жеке нотариустар шартының қолданылу кезеңінде үшінші тұлғалардың мүлдік мүдделеріне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап үш жыл ішінде сақтандырушыға қойылуы мүмкін.

## **9 бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы.**

**1.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының сақтанушыға төленген сома шегінде мынадай жағдайларда:

- 1) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
- 2) сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қасақана қылмыс не сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерді жасағанда;
- 3) сақтанушы зиянды азайту бойынша ақылға сыйымды және қол жетерлік шараларды қасақана қолданбауы нәтижесінде зиянның мөлшерін ұлғайтқанда;
- 4) сақтанушы сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы қасақана жалған мәліметтерді сақтандырушыға хабарлағанда;
- 5) сақтанушы сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою





құқығынан бас тартқанда, сондай-ақ талап ету құқығының өтуі үшін қажетті сақтандыру құжаттарын беруден бас тартқанда кері талап (регресс) қоюға құқығы бар.

**2.** Сақтанушының сақтандыру нәтижесінде сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты адамға кері талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға төлеген сомасы шегінде ауысады.

## **10 бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **1. Сақтанушы құқылы:**

- 1) сақтандырушыдан жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарттарын, жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты бойынша өздерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы жасаған сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен (оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) танысуға;
- 3) сақтандырушының қаржылық есебімен танысуға;
- 4) сақтандыру төлемін осы ережелерде көзделген тәртіппен және шарттарда алуға;
- 5) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы ережелердің 12 бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы, не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге.

### **2. Сақтанушы міндетті:**

- 1) сақтандыру сыйлықақысын жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеуге;
- 2) жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандырушыға осы ережелердің талаптарына сәйкес мәліметтерді ұсынуға;
- 3) тез арада, бірақ үшінші тұлғаның нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы талап немесе талап-арыз бергені туралы өзіне белгілі болғаннан бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға;
- 4) сақтандырушыға оған қолжетімді, сақтанушының келтірілген зиянды өтеу міндеті туындаған оқиғаның себептері, барысы мен салдары туралы, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін барлық ақпарат пен құжаттаманы беруге;
- 5) сақтандырушыға үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талабына байланысты мәселелерді реттеуге қатысу мүмкіндігін беруге;
- 6) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды болғызбауға немесе азайтуға шаралар қолдануға;
- 7) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 8) сақтанушы нотариаттық іс-әрекеттер жасау жөнінде қызмет көрсеткен тұлғаны жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүлктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу жөніндегі өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы хабардар етуге.

### **3. Сақтандырушы құқылы:**





- 1) жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтанушыдан жеке нотариустарды міндетті сақтандырудың бұрын болған шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартына енгізуге қажет өзге де мәліметтерді беруін талап етуге;
- 2) сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы үшінші тұлғалардың талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;
- 3) осы ережелердің 9-бөлімінің 9.1-тармағында көзделген жағдайларда зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын ұсынуға;
- 4) осы ережелердің 5-бөлімінде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға.

#### **4. Сақтандырушы міндетті:**

- 1) сақтанушыны жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарттарымен таныстыруға оның жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 2) жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, сақтанушыға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сақтандыру сыйлықақысын толық немесе ішінара қайтаруға;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
- 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы ережелерде көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 5) сақтанушыдан (пайда алушыдан) бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге өтініш алған кезде;
- 5) сақтанушыдан (пайда алушыдан) бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге өтініш алған кезде;
- 6) сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;
- 7) сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге;
- 8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 9) сақтандыру төлемі уақытылы жүзеге асырылмаған кезде пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге;
- 10) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар ету кезінде, оны дереу тіркеп, осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөніндегі мәліметтерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға.

**5. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.**





## **11 бап. Дауларды қарау тәртібі**

1. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

## **12 бап. Дауларды реттеу ерекшеліктері**

1. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде, сақтанушы (пайда алушы) талаптарын көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге, немесе өтінішті сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы, немесе сақтандырушы арқылы, немесе оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

2. Сақтандырушы сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.

3. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

4. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында сақтандыру шартын жасау кезінде келісімге қол жеткізілуі тиіс:

- 1) сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік немесе өзге де мүліктік мүдде туралы;
- 2) басталуы жағдайында сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның (сақтандыру жағдайының) сипаты туралы;
- 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
- 4) шарттың қолданылу мерзімі туралы.